

Ауданның ауылдық елді мекендеріне 2012 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына қолдау көрсету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 маусымдағы № 33 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 19 маусымда № 3-3-144 тіркелді. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 02-6 /15 хатымен

Ескерту. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2013.01.21 № 02-6/15 Хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдесіндегі № 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 8-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне 2012 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына:

1) арыз берген кезінде жетпіс еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде **к ө т е р м е ж ә р д е м а қ ы ;**

2) бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік несие түрінде тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік **қ о л д а у к ө р с е т і л с і н .**

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы:*

Р. Еркусимова

Аудандық мәслихат

хатшысы:

А. Кайрушев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК